


X

XVIII ғасырдағы қазақ әдеби тілі

XVIII ғасырдағы тарихи ахуал



XVIII ғ. қоғамдық өзгерістер

- Сауда-саттық дамыды
- Қалалар мен бекіністер орнады
- Орыс халқының қазақ жеріне қоныстануы басталды
- Шаруашылық пен кәсіптің жаңа түрлері пайда болды




фотоколлаж А. Никонова

XVIII ғ. тілді танытатын үлгілер

- Көркем әдебиет, оның ішінде авторлы поэзия үлгілері;
- Ресми іс-қатынас қағаздары;
- Орыс саяхатшылары мен ғалымдарының жазбалары;
- Орыс зерттеушілері жасаған шағын сөздіктер.

XVIII ғ. әдеби тілдің лексикалық сипаты



○ XVIII ғ. әдеби мұралардағы жауынгерлік лексика:

Кіреуке тон, күдері бау, қоңыраулы найза, көк дабыл, ту байлау, шеп бұзу сияқты поэзия тіліне тұрақталып қалған қолданыстар;

Даңқынан батыр шығу, найзасының ұшына жау мінгізу сияқты жеке авторлық қолданыстар;

Қосан, байтақ, алаш, ару, аламан, бұлу сияқты көне сөздер пассивтене бастады.

Қазақ халқы, Тәшкен базар, үш жүз, ұлық, егін, орақ, дін, мұсылман сияқты атаулар поэзияға еніп, заман бейнесін көрсетеді.

○ Жалқы атаулар

Қамыстың басы майда, түбі сайда,
Жәнібек Шакшақұлы болат найза.
Алдынан су, артынан жау қысқанда,
Ер жігіттің ерлігі осындайда
Бөкейді айт Сабыр менен дулаттағы,
Дербісәлі, Маңдайды айт қыпшақтағы,
Өзге батыр қайтса да, бір қайтпаған
Сары менен Баянды айт қыпшақтағы
Ағаштан биікті айтсаң, қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң, Бөгенбайды айт.
Найзасының ұшына жау мінгізген
Еменалы керейде Ер Жабайды айт

Тәтіқара жырау

XVIII ғ. Әдеби тілдің грамматикалық сипаты

- -арға/-уға қосымшасының жарыспалылығы;
- -тын/-тұғын, -дай/-дайын, -мен/-менен тұлғаларының жарыспалылығы;
- Кей жағдайда бұйрақ мәнді -ңыз, -ыңыз жұрнағының орнына -ғың, -ғыл формасының келуі;
- Етіс категориясын білдіретін -ғыз, -гіз тұлғасының орнына кей жағдайда -кер, -тір тұлғасының қолданылуы.